# Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қытай Халық Республикасына 1999 жылдың 23-27 қарашасындағы ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 2 ақпан N 145

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қытай Халық Республикасына 1999 жылдың 23-27 қарашасындағы ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру және қазақстан-қытай ынтымақтастығын одан әрі дамытуды және кеңейтуді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қытай Халық Республикасына 1999 жылдың 23-27 қарашасындағы ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары, басқа да мемлекеттік органдары (келісім бойынша) және мүдделі ұйымдар Іс-шаралар жоспарында көзделген тапсырмаларды орындау жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы кем дегенде жарты жылда бір рет Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етіп отыратын болсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы "2" ақпандағы
N 145 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қытай Халық Республикасына 1999 жылғы 23-27 қарашадағы ресми сапары барысында

қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар

жоспары

| N р/с | Іс-шара | Орындалу мерзімі | Орындалуына жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | Мына құжаттарды қол қоюға дайындау: | 2000 жыл ішінде | Қаржы министрлігі, Мемлекеттік кіріс министрлігі |
| | Қосарланған салық салуды болдырмау туралы келісім; | | |
| | Валюталық бақылау саласындағы ынтымақтастық және өзара көмек туралы келісім; | | Ұлттық банк (келісім бойынша), Мемлекеттік кіріс министрлігі |
| | Мал дәрігерлігі саласындағы келісім; | | Ауыл шаруашылығы министрлігі |
| | Өсімдік карантині саласындағы ынтымақтастық туралы келісім; | | Ауыл шаруашылығы министрлігі |
| | Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім | | Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі |
| 2 | Қытай тарапымен мына жобалар жүзеге асырудың нұсқалары мен кезеңдерін келісу: | | |
| | Қазақстан Республикасы-Қытай Халық Республикасы мұнай құбырын тараптардың Бас келісім бойынша міндеттемелерін есепке ала отырып салу ТЭН-нің қорытындыларын талқылау; | 2000 жылдың 1 тоқсаны | Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, "Қазақойл" ҰМК "ҚазТрансОйл" МТҰК |
| | "Ақтөбемұнайгаз" АҚ-ның Атасу мұнай айдау станциясы арқылы | 2000 жылдың 1 тоқсаны | Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Қытай Халық Республикасына темір жолмен мұнай беру мәселесін талқылау;<br>Қазақстанда өндірілетін мұнайға арналған экспорттық квота бойынша Ресей Федерациясымен келіссөздер жүргізу | 2000 жылдың 1 тоқсаны | Энергетика, индустрия және сауда министрлігі |
| 3 | Ішкіқытайлық Тарим-Шанхай газ құбырының салынуын есепке ала отырып Орталық Азия-Қытай Халық Республикасы газ құбыры жобасын жүзеге асыру мүмкіндігін Қытай Халық Республикасымен бірлесе отырып техникалық және экономикалық зерделеу | 2000 жылдың 4 тоқсаны | Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, "ҚазТрансОйл" МТҰК |
| 4 | Қазақстан электр қуатын Қытай Халық Республикасына беру проблемасын шешудің ымыралық нұсқаларын әзірлеу, Қытай Халық Республикасы энергетика саласының басшылығымен кездесулер ұйымдастыру | 2000 жылдың ішінде | Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Шығыс Қазақстан және Алматы облыстарының әкімдері."КЕГОК" ААҚ,Сыртқы істер министрлігі |
| 5 | Шекара маңындағы ынтымақтастық саласындағы қазақстандық тараптың ұсыныстарын жүзеге асыру | 2000 жылдың 1 жартыжылдығы | Шығыс Қазақстан және Алматы облыстарының әкімдері.Сыртқы істер министрлігі |
| 6 | Шекара арқылы өтетін өзендерді тиімді пайдалану және қорғау жөніндегі қазақстан-қытай бірлескен Жұмыс тобын құру | 2000 жылдың 1 жартыжылдығы | Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі |
| 7 | Қытай тарапы берген несие (100 млн.юань) қаражатын мынадай жобаларды жүзеге асы- | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | руға жұмсау:<br>шағын тоннажды жүк автомо-<br>бильдерін шығару<br>(65 млн.юань) | 2000 жылдың<br>қарашасы | Энергетика, индустрия жә-<br>не сауда министрлігі, Қа-<br>зақстан Республикасының<br>Инвестициялар жөніндегі<br>агенттігі, Экономика ми-<br>нистрлігі |
| | Қытай тарапымен 35 млн.юань-<br>дық несиенің 2-бөлігін түпкі<br>несиені пайдаланушының жоба-<br>сы бойынша келісу | 2000 жылдың<br>ішінде | Қазақстан Республикасының<br>Инвестициялар жөніндегі<br>агенттігі,Экономика мини-<br>стрлігі,Алматы және Аста-<br>на қалаларының әкімдері,<br>Сыртқы істер министрлігі |
| 8 | Қытай тарапымен 10 млн.юань<br>көлеміндегі тегін көмекті<br>пайдаланудың нақты саласын<br>үйлестіру | 2000 жылдың 1<br>жартыжылдығы | Сыртқы істер министрлігі<br>Энергетика,индустрия және<br>сауда министрлігі,Эконо-<br>мика министрлігі,Қаржы<br>министрлігі |
| 9 | Трансазиялық темір жолдың<br>солтүстік дәлізі бойынша жүк<br>тасымалын ұлғайту үшін Қа-<br>зақстан Республикасы,Қытай<br>Халық Республикасы және Ре-<br>сей Федерациясы арасында үш-<br>жақты келіссөздерді жандан-<br>дыру, сондай-ақ осы дәлізді<br>пайдалану бойынша құрылған<br>Жұмыс тобының 1999 жылғы 23-<br>25 қыркүйекте Алматыда бол-<br>ған бірінші отырысының ше-<br>шімдерін жүзеге асыру | Жарты жылда<br>бір рет | Көлік және коммуникация-<br>лар министрлігі,"Қазақ-<br>стан темір жолы" РМК |
| 10 | Трансазиялық темір жолдың<br>солтүстік дәлізіндегі тариф-<br>терге қатысты,әсіресе,Ресей<br>Федерациясымен өзара қабылда-<br>нымды шешімге қол жеткізу, | 2000 жылдың 1<br>жартыжылдығы | Көлік және коммуникация-<br>лар министрлігі,"Қазақ-<br>стан темір жолы" РМК |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | сондай-ақ "Қазақстан темір жолы" РМК-ның Пекин қаласындағы өкілдігін ашу мәселесі туралы жұмыс істеу | | |
| 11 | Қазақстаннан Қытай Халық Республикасына фосфор тыңайтқыштарын беру үшін осы тектес қытай өнімінің Еуропаға берілуін есепке ала отырып Қазақстан үшін квотаны (жылына 120 мың тонна шамасында) қытай тарапымен келісу | 2000 жылдың 1 тоқсаны | Энергетика,индустрия және сауда министрлігі |
| 12 | Үрімші мен Алматыда өзара негізде консулдықтар ашу, қазақ диаспорасы өкілдерінің Қытай Халық Республикасынан Қазақстан Республикасына уақытша(туыстарына) және тұрғылықты тұруға шығу тәртібін жеңілдету бойынша Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы Сыртқы істер министрліктерінің арасында келіссөздер өткізу | 2000 жылдың 1 жартыжылдығы | Сыртқы істер министрлігі |
| 13 | Екі елдің Астана мен Пекиндегі Елшіліктерінің ғимараттар және резиденцияларды ақысыз негізде өзара алмасу мәселесін қарау. Астана бойынша ұсыныс дайындау | 2000 жылдың 1 тоқсаны | Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша), Астана қаласының әкімі |
| 14 | Қытай Халық Республикасы Төрағасының орынбасары Ху Цзиньтао мен Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік | 2000 жылдың ішінде | Сыртқы істер министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Кеңесі Премьерінің орынбасары Ли Ланьциннің Қазақстан Республикасына сапарларын пысықтау | | |
| 15 | Мемлекет басшысымен хат алысып жүрген қытай қызының отбасын Қазақстан Республикасына шақыру және оның сапар бағдарламасын дайындау. | 2000 жылдың 2 тоқсаны | Сыртқы істер министрлігі Білім және ғылым министрлігі,Астана және Алматы қалаларының әкімдері,Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |

Оқығандар:
Орынбекова Д.К.
Омарбекова А.Т.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК